

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІН «ТАРТЫС» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Кеңестік дәуірдің бастапқы кезеңінен бастап елдегі болған ірлі-ұсақты оқиғалардың барлығы дерлік ақын-жазушылардың назарынан тысқары қалмағаны белгілі. Соның ішінде М. Әуезовтің де кеңес тақырыбына арналған пьесалары саны жағынан аз емес, онда сол дәуірдің әлеуметтік маңызы бар оқиғаларының көпшілігі өзекті тақырып ретіндегі алынып көрсетіледі. «Октябрь үшін» пьесасында Жетісу өніріндегі азамат соғысынан кейінгі әлеуметтік оқиғалар бейнеленсе, «Тартыста» 30-шы жылдардағы қазақ оқығандарының тағдыры, «Аққайында» азамат соғысы кезіндегі ел өмірі, «Шекарада» ауылдағы тап тартысының салдары, ел іргесін бекіткен колхоздастыру дәуіріндегі ауыл адамдарының алдында тұрған түрлі қыншылықтар, «Тас түлекте» қазақ жастарының жана өмірге, социалистік құрылымың ісіне араласып, алдыңғы қатарда білім алып, есіп жетілуі сөз болады. Әдетте драмалық шығарма сахнадан қойылуға арналатыны белгілі. Драмалық туынды қалаған тақырыпты жазушы қаламынан шыққан соң, бірден прозалық шы-

ғарма тәрізді жол тартып кете бермейді. Сахна арқылы қалың көрермен назарына ұсынылады. Бір мезгілде әлденеше көрермен келетін театр сахнасы осал тартыска құрылған, харakterлері болымсыз, өмірлік шындықтардан алыс жатқан туындыларды еш-қашан көпшілікке ұсынып әуре болмайды. Сондықтан, өзекті негізі көрерменді бірден баурап алатын, тартыска құрылған драмалық шығармалар арқылы өз дәуірінің көркем бейнесін сомдау әрбір драматург үшін зор жауапкершілік екені белгілі. Міне, осындағы мемлекеттік деңгейдегі үлкен жауапкершілікті М. Әуезов жаңадан құрылған, аяғынан енді тұра бастаған театр ұжымымен бірге көтерісіп, жана дәуірге ұлттық өнердің есіп, қалыптасуына айрықша ықпал етті.

М. Әуезовтің кеңестік тақырыптарды қозғайтын пьесалары сол дәуірдің көркем шежіресі іспетті бір-бірімен сабактасып, өзара байланысып, бірін-бірі тақырыптық жағынан толықтырып отырады. Өйткені жазушы кеңестік дәуірдің көп оқиғала-

рын, ұзак жылдарға созылған тартысты өмірін бір ғана шығармасына арқау етіп қоя салмай, оны әр пьесасында әр кырынан, алуан тақырып етіп, шындалуы мен қүресін, женсі мен женелісін, қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда сомдады. М.Әуезовтің қазактың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жыр еткен, содан қалыптасып шыққан таныс сю-жеттерге драмалар жазуы сөз жоқ онын алғашқы пьесаларының сәтті шығуына ықпал етті. Алайда 30-ншы жылдардағы саяси ақуалдың өзгеруіне байланысты жазушының кеңестік өмірді бейнелеуге белсене ат салысып, аз ғана жылдарда ондаған пьеса, бірнеше драмалар мен трагедиялар, либретто мен киносценарийлер жазуы оның өсу жолдарын, жүріп өткен шығармашылық сапарының бірынғай тегіс емес азапты қындықтарға толы екенін айғастайды.

Оның үстіне аталған пьесалардың идеясы, ондағы айтылатын оқиғалар қоғамның сұранысынан, өтпелі саясаттың қаламгерге жүктеген міндеп жүгінен туындағы. Сонымен бірге алынған оқиғалар әлеуметтік мәні бар, қоғамдық салмағы үлкен болғандықтан оған қатысушы кейіпкерлердің ішкі ойының оқиғаға қатысы жан-жақты ашылып көрсетілуіне мүмкіндік берілмеді. Оған бір жағы кеңестік саясаттың біржактылығы себеп болса, енді бір жағынан ескілікке деген сол кездің тым катал көзқарасы себепші еді. М. Әуе-зовтің бұрынғы драмаларында оқиғаның, іс-әрекеттің шығу себебі кейіпкердердің жеке тұлғасының мінез-құлқынан, әртурлі сезімдерінен, қоғамдық өмірдің дәстүр-салтынан туып, дамып, адам харakterі арқылы шешіліп жатса, ендігі пьесаларда, оқиға үнемі қоғамдық себептерден туынданап отырды. Сөйтіп, шығарманың өзегіндегі оқиғаны тудырушы қоғамдық құбылыстың жай-жапсары, себеп-салдары бүркеулі жабық күйінде қалып, көбінесе кейіпкердердің ішкі сезімдері ашылу орнына, ол тек әрекет етуші, қоғамдық іс-әрекеттің белсенді атқарушысы ретінде беріліп, ішкі әлемі көмекі күйінде қала берді.

М. Әуезовтің көпке мәлім «Тартыс» драмасында отызыншы жылдардағы қазақ оқығандарының қыын тағдыры XIX ғасырдағы сыншыл реализм әдісінің ықпалында кеңестік дәүірдің алдамшы саясаты тұрғысынан талданып, суреттегілді. Кеңестік кезеңдегі көптеген сыншылар бұл пьеса «алашордашыл, жаңаның жауы, ескі оқығандар, зиянкестерді әшкереңлеуші» пьеса деп келсе де, ол шындығында, сол уақыттың дүмбіlez шикіліктерін ашып берген психологиялық, қоғамдық-әлеуметтік драма болып шыққан. Әрине, «Тартыс» пьесасы өз кезінде жазылған көптеген пьесаларға тән кейір кемшіліктерден құралақан емес еді. Ол туралы

М.Әуезовтің өзі де жасырмай, орын алған кейір олқылықтарды қалай толтыру туралы бірге ойласып, пьесаны қatal сынға да алады.

Драмалық шығармада тән басты шарттың бірі – тартыс әрекет арқылы ширыққан диалогтармен кейіпкерлердің ішкі ойларын, мінез-құлқын, дүнистанымын ашып беру. Мінез ауаны қылыш кейіпкерлердің ішкі монологы, сәтті диалогы арқылы болып жаткан оқиғаға іс-әрекетке қатысын көрермен ортақ оқиға желісі арқылы аңғарады. Пьесадағы оқиғаның бас кейіпкери институт директоры – Сыдық Хасенов. Оқиғаның бәрі осы төніректе институт ішінде, қызмет орнында, конакта, паркте, шайханада, жиналыс үстінде өтеді. Шығармадағы ортақ конфликті партияның қатарын жат, бетен адамдардан тазарту саясатынан туындаиды. Жазушы бұрынғы ескі оқығандарды саясатқа жетік етіп алады, оларды алдамшы, бір күндік іске еріп кете беретін адамдар етіп суреттемейді. Бұлардың көбі өз қызметін жетік білетін, науқаншылықтан, партияшылдықтан аулақ. Бастьары қосылған жерде олар көбінесе кеңестік жаңа өмірдің кемшілік жақтарын, осалдықтарын күле сөз ғып, емсүрінмен сынап отырады. Оның келешегіне сенбейді. Бірақ ол көзқарастарын ашық білдіруге түрлі қудалтаудан корқып қалған. Бұл уақыт ескі оқығандардың алғашқы легі кеңестік қоғамда болып жатқан науқандарды сынағаны үшін қара жұмысқа жер аударылып, түрмеге түсіп, қуғындалған кез. Оқыған азаттар кеңестік қоғамның келенсіз жақтарын, танып-біліп отырса да, қоғамдағы зансыздықтарды ашық сынауға ендігі жерде бата алмайды. Алдыңғылардың көбін киіп ұсталып кетуден корқып, басы біріккен жерде өздерінің айттар ойларын жасырып, астарлап сөйлеуге мәжбүр болғанын көреміз. Олардың айтқан әнгімесін, істеген істерін андушылар, белсенділер – Темірбеков, Оспанов, Қадиша сияқтылар. Олар ескі оқығандарды бұрынғы көзқарастарын жастарға үйретуде, кедей балаларын алу орнына жоғары оқуға тамыр-танысын тықпалауда, партияның жаңа саясатын бұрмалап отыр, – деп жоғарғы жаққа үнемі бір жақты түрде жеткізіп отырады.

Пьесада ұлтшил, ескі оқығандардың көп жылдар қызмет етіп дүние қызығын да, қынын да көрген тәжірибесі мол алғашқы буынын да, жаңа заманға бейімделген жалтақой, өз пікірін білдіре алмайтын орта буынын да, осының бәрін көріп, біліп отырып, кеңестік саясатпен жаңаша құреспек болған кейінгі буынын да көреміз. Пьесаның оқиғасы елдегі саяси репрессияның асқынып тұрған кезін қозғап, сол жағдайлар болып жатқан кезде жазылуымен құнды.

ХХ ғасырдың бас кезінен қазақтың мұнын мұнданап, жоғын жоқтап, патшалық Ресейдің отаршыл саясатымен алыса жүріп, ағартушылық бағыт ұстаған көптеген қазақ оқығандары 20-жылдардың сонына қарай қоғамдық қызметтөн шектеліп, түрлі оқу орындарына оқытушы болып, бірталайы шығарма-шылық жұмысқа кетуге мәжбүр болды. 1919 жылдары ескі оқығандар мен патшалық Ресей кезінде шенді қызмет істеген білімді адамдарды кенестік қызметке пайдалану мақсатымен олардың бұрынғы, өз көзқарасындағы түрлі қайшылықтарға кешірім жасалғаны мәлім. Қоғамның керегіне жарап, қызметіне кіріп, ел тағдыры шешілетін үлкен істерге араласа келе кенестік саясаттың қате жерлерін сынап, карсы пікірлерін ашық айтып үйренген қайраткерлерге үндемей не айтса соған көне беру мүмкін болмады. Мұның арты саяси тартысқа, ескі мен жаңаның ымырасыз күресіне айналды. М. Әуезовтің «Тартыс» пьесасына негіз болған оқиғалардың ауқымы кен, саяси астары теренде жатыр еді.

Алайда, оны жан-жақты терен етіп қалауынша суреттеп жазуға сол кездің саяси ахуалы мүмкіндік бермеди. Сөйтсе де пьесада 30-жылдардағы қазақ оқығандарының тағдыры ашық түрде болмаса да жеткілікті деңгейде, мүмкін болғанынша жазылып қалуының өзі әдебиеттің тарихы, келер үрпақ үшін үлкен олжа еді. «Тартыс» драмасы несімен құнды десек дер кезінде жазылуымен, жасанды саясат туралы бірдене айтуға тыйым салынған уақытта оның құпия коймаларын актартмалап ашып берумен құнды дейміз. Пьесада драмалық шығармаға тән іс-әрекеттен гөрі байсалды пайым, ауқымды пәлсафа басым. Отіп жатқан оқиғаға, әр көзқарастағы кейіпкердің танымын беруде жазушы өзін әлдебір топқа немесе көзқараска іштартуын ұнату-ұнатпау сезімдерін арнайы білдірмеген. Сол кезеңдегі үкімет, саяси билік ісіне деген әркімнің өз билігі мен қатынасын танымына сәйкес етіп береді.

Шығармадағы орталық кейіпкер Сыдық Хасенов болса, оған жақын бұрын іс басында болған Сейіткереі, Батырша, Сабыр, Мақсұттар, Юсуф кари мен Жәкен әпенделер осы төніректе жүрсе де бұрынғы атағы танымал, беделді адамдар. Олар нені болсын алыстан шалып, киынды алыстан болжайтын терен.

Бұлардың ықпалында жүрсе де бір жағы партиялық істін қазанына түсken Әбіш, Иса мен Есендер айлалы заманының ығын баққан адамдар. Үлтышыл оқығандардың ықпалына түсken Сұлтанов, Сүлейменовтер өз заманына бейімделіп Сейіткереі, Батыршалардан үнемі сабак алып отырады. Олар Ос-

панов, Темірбеков, Қадиша сияқты партияшыл белсенділермен күресуге дайындығы жететін жастар. Бірақ ашық тартыска түсуге бұлар үлгермейді. Өйткені ұттышыл деген аты бар бұрынғы бағыт ұсташыларды кенестік ат тағып, айдар беріп, күштеп қоғамнан аластай бастаған. Жастарды өмір күресіне баулып жүрген Сейіткереі, Батыршалар өзі ұсталатын мезгілде олардан бойын аулак салады. Бұлардың жалтақтығына жастар қылжылу үстінде жүргенде өздері де тұтқынға алынады.

Пьеса сонында Сыдық Хасенов қызметінен босатылып, оқығандардың бірталайы ұсталып кетеді. Әрине, олардың неден қылмысты болғаны айтылмаған күйі үнсіз түр. Бұл эпизодтың сонында түрме, айдау, жазықсыз адамдардың «халық жауы» аттып тергелуі, қыйнауға салып, қылмысын мойыннату түр. Бірақ драматург оны айта алмаған күйі үнсіз қалдырып қояды. Тек пьеса сонында дегеніне жетіп лепірген Оспановтың эпилогта сайқымазақ кейіп арқылы, оның сөздерімен көп ойларды берген.

Жазушы ашы мысқыл, ажуа-кекесінмен ақындықтан дәмелі қуыс кеуде, есек дәмелі адамның қылығын өз сөздерімен әшкерелейді. Осындағы шынайы өмірдің мәнін түсініп еңбек етуден гөрі әрнәрсеге қызығып, өзінің кімге, не үшін колжаулық болып жүргенін түсінбейтін келелі мақсат, мұраттан ада күйік тірліктің адамдары Лола, Сара, Оспанов бейнелерінен көрініс береді. Сейіт-кереі үйінде болған көп сыйлы қонақтар арасында Мұсілімнің әйелі Лоланың шарапқа қызып қалып, күлкілі қызықтар көрсетуі кейіпкердің ой-өрісіне сый. Пьеса сонында Лола Оспанов, Қадиша сияқты белсенділермен бірге жүреді. Оспановтың оған деген сезімі де женіл.

«Л о а (қынальып құлтіп). Қойыңызышы сіз тіпті ылғи естіп тұрасыз мені көрсөніз (Жақындаиды.)

О сп а н о в (бұрынғыша құбылып). Білесіз бе, сүйтіп кетем тіпті...

Л о л а. Бітірініз (Жақындаип шығына ентелеп.)
Бітірініз енді.

Однако, сіз кандай жақсысыз!...

О сп а н о в. Қо-ойыннызышы (Шұғыл бұрылып кисточкасын Лоланың бетіне жасағатындаибыл-гақтатып, мұрнына төсеп.) Любить қыламысың? Сүй!.. – осындағы мінезбен ерекшеленген Лола үшін қадірлі ештене жоқ. Ол тек өзгеріп, бүгін қымбат көріп дәмін татқан нәрсесін ертең ұсак-түйекке сатып жіберуге әзір. Оның адамдармен қарым-қатынасы да осындағы женіл есепке құрылған. Пьесаның ортаңғы тұсында бір ғана жерде көрінетін Сейіткереідің әйелі Сараның да адам тандап,

«пәленшениң обществоын терпеть не могу,— деп мес боп құпиюі де еріксіз езу тарт-қызатын, артында зілі жоқ, кергіп сейлеуі бақай есептен гөрі ойындағысын айта салатын аланғасар адамның ұтқыр сөздерімен берілген.

Пъесага арқау болған оқиғаға қатысуышы кейіпкерлердің өзара тартысы, бір-біріне айткан қатал сыны, мактап-қолпаштауы, топқа бөлініп жіктелуі, мемлекеттік саясатты қолдамаған адамдарды күштеп қызметінен кетіруі, екі топтың ортасында болатын істің анысын аңдалп біраз адамдардың өз беталысын анықтай алмай жалтақтап журу «тазарту» деген біржакты партиялық шара жүргізілгенше әрі-сәрі күй ретінде суреттелген. Ақыры билікке Есен, Сабыр, Оспанов сияқты адамдардың келуі окушыны қуантпайды. Кері-сінше, «тап жаулары, дүшпан, ескілік сарқыншағы» делінген ескі оқығандардың ұсталып әкетілуі не үшін, қандай себепті болғаны түсінік-сіздеу күйінде қалады. Әрине, оның себебі ашып жазылуына сол кездің көзқарасы мүмкіндік бермеген дейміз. Бірақ, адамға дегенін істеппей қоймайтын зорлықшыл қоғамдық жүйеде отырып та оның ішкі сырын айнаға түсіре білген жазуышының шеберлігі мол көрінеді. Оған пъесаның мазмұнында мысалдар жеткілікті.

Жеке адамға табыну салдарынан пайда болған қоғамға жау іздеудің осындағы тәсілдері өршіп тұрған кезде Сыдық сияқты оқығандардың қорқыныш сезімін білдірмейі, бүтін қалпында өз көзқарасында қалуы сүйсінерліктеі.

Жоғары оқу орнында калыптасқан жағдайға өлкелік партия комитетінің өкілі Фани Жаппаровтың берген бағасы, ол туралы жасаған ой-тұжырымы, институт қызметінен, оның ішінде басшы Сыдық Хасеновке, басқа да қызметкерлерге деген партиялар көзқарасы дұрыстықтан гөрі бір жақтылыққа жақын. Ол партияшылдардың өз көзқарасына сенбей үнемі әкімшіл бұй-рықтарды жоғарыдан ала журуінен байқалады. Құнделікті қызметте бірге жүрген партия, комсомол қызметкерлері Есен, Әбіш, Оспанов, Темірбековтердің іс-әрекеті оку-білім қуған, ғы-лым іздеген байсалды парасаттан бұрын, кикіл-жің, ілік іздеген орынсыз тиіскіш, кінәмшіл адамдардың ұсақ-түйек ісі болып шыққан. Садық тек өз қол астындағы солақай көзқарастағы оқығандарды ғана емес, өлкелік ұйымнан келген Фани Жаппаровты да әсіре науқаншылдығы үшін кемшилігін көптін көзінше бетіне айта алғаны оның шындалған үлкен беделі мен шынықкан ақыл-ойынан хабар береді. Институт ұжымындағы оқытушылар мен шекірттер арасын жат пікірдегі адамдардан тазарту жөніндегі жоғарыдан шыққан қаулыны

жүзеге асырмак боп келген Фани Жаппаров көпшілік алдында партия саясаты туралы ұзақ сөйлеуінен біржактылық сезіледі. Ол сөздердің мазмұны пъесада екі бетке сыйғызылған. Бұл сөздерден науқанышыл, әмірлі істердің жүзеге асырылуы күтіп тұрғаны байқалады. Ол мақсатты жүзеге асыру үшін Сыдық сияқтыларды жолдан алу керек. Әсіресе, партия саясаты туралы Сыдық пен Фанидың диалогы сол дәуірдегі әмір шындығын, көзкарас қайшылықтарындағы әртурлі бағыттардың аяусыз бет-п-бет келгенін боямасыз сипаттаған.

Мысалға пъесадан үзінді келтіріп көрсік:

«Ф а н и. Қайдан алды үлпікірді? (Жастарды айттың отыр.) Үлпік настроение неден туды?.

С ы д ы қ (таңданған бол). Айналадағы әмірден алған шығар. Қайдан алушы еді? Сендер бірбеткей, ойланбай, арттарыңа қарамай, бұрап, майлап қойған машиналадай, бұйырған бетпен шауып келесін. Бірақ осы ойланамысындар?

Ф а н и. Иә, партиядан қыныр жайылатын ойды неге ойламайсың дейсің гой? Әйтпесе Хасенов те, Хасеновшілдік те болар ма еді.

С ы д ы қ. Әрине жоғарыдан айдар тағып беріп, осының артынан қалма деген соң, сен сенімін актамаска бола ма? (Әбіш келті тыңдаїды.) Бірақ ат қоя билетін сен ғана екен деп ойлама. Өз атың кім сенін, білемісін?

Ф а н и. О не деген сөз? Ашып айтшы, кәне?..

С ы д ы қ. Осы орынға отырып, дәрежеге ие болып көтерілгеннен бері қарай бір үлкен мәселеде бірде-бір өз пікірін, өз бетін болып көрді ме, осы? Сондайын болса, соны жарыққа шығарып, атап тартысып көрдін бе? Олай болса сенің атың кім болады?

Ф а н и. Айт, айт... мен сендей өз бетім деп байшыл, ұлтшылдар пікірін тасымаймын... Өтірік айтпаймын. Айтсам партиямен біргемін. Партия мак-ұлдаған пікірді айтамын.

С ы д ы қ (кекетін). Япрай, не қылып қана тұа қалған десенші! Партия жолынан бірде-біруақыт не артық, кем түспесі бар ма? Бірақ сонда шын үлкен, шын іргелі мәселені сенімен сөйлесе ме әүелі... айттып көрші?..

Ф а н и. Ә, бәсе, солай сөйле... менің сенімен не сөйлесуім керек еді. Жақсы аштың арманынды... Сен, ұйым адамдары, ұйым тәртібі туралы жау айтатын сөзге көшкен екесің. Бетіннен жарылғасын. Енді, біл бірақ, сенің жолың ашық залалды айқын жаулық жолына ауысыпты (Затискасын көрсетін). Келген, келтірген нәтижең міне... Сенімен кімшe сөйлесу керек екені ашылды»— бұндай тартыс 30-

ншы жылдардың саяси ахуалын, өтіп жатқан күрестің аяусыздығын екі жақтың бірі ғана қалатын ымыра-сызығынан туған таптық мәні бар еді.

Қоғамдағы тап күресінен пайда болған әлеуметтік алауыздықты пайдасына жаратқан партия-шылдан жеңіліс тапқан Хасенов Сыдық, Батырша, Сейіткөреллер бұл уақытша іс, уақытша жеңіліс екенін іштей біледі. Олар өлкелік партия жиналысында осы кезең, бұл теріс әрекеттер туралы сөйлемек болады. Бірақ оған үлгермей саяси сенімсіздігі үшін ұсталады. Олармен бірге Жәлел, Юсуп қари, Максұт сияқтылардың еркін ойлары, кенестік қоғамның зансыздықтарын мойындауы, оған бүкіл халықтың қарсылығын күтіп жүруі, ауыл шаруашылық қызметіне барғандардың елдегі байлар мен ауқатты адамдардың малмұлқін тәркілеу барысына қарсылықтарға іштартуы, осының артынан көп өзгеріс әкелетіндегі дүмпү күтулері астарлы сөздермен, қоғамдағы болып жатқан жағдайларды іштей қорытып, ақ-қарасын ажыратып, алдыңғы құнді болжай билетін халықтық көзқарастардың әділет, шындық туралы ел түсінігінің шеңберінде таразыланады.

Жазушы Сыдық пен Ғанидың тартысынан кейін кейігпкер ойын:

Сыдық: Айтарсың... айтарсың (*Faniqa*) Бірақ синшыларымыз кейінгі өсетін жастар, пар-тейщтер болар. Ол сендер ғана соғылып шықкан қалыпта соғылып шықпас.

Г а н и. Ә, дәмеміз алыста ...әрине...

Сыдық. Мезгіл пісіріп, толтырып шығарсын соларды. Сонда талай сені мен біз сияқтылар, асылдар қайта бағаланар...

Сонда көреміз – деп келешекте деген үміт артуарқылы білдіреді. Бұдан М. Әуезовтің өз уақытының саяси оқиғаларына, құрделі табиғатына үмітсіздікпен қарамай оның кателіктерін түзету, қайта қарау келешек еншісінде екеніне тұспал жасағанын байқаймыз.

Жалпы қазақ оқығандарының бейнесі М. Әуезовтің көптеген шығармаларында орын алып келгені мәлім. Жазушының бұл реттегі ойлары алғашқы

көркем әңгімелерінің ішінде «Оқыған азаматта» Жұмағұл, «Тұнгі сарында» Сапа, «Қылыш заманда» Оспанов, Жебірбаевтар, «Абай» трагедиясында Әбіш, Әзімхан бейнелерінде әр қырынан көрініс тапты.

«Тұнгі сарында» Жантас, Тәнске сиякты ел жігіттерінің ерлік қымылын қолдап көтеріліске қатысқан Сапаның артынан өз қатесін сезініп опық жеуі. 1916 жылдардағы қазақ оқығандарының тағы да тар жолдағы қыын тағдырына мысал бола алады. «Абай» трагедиясындағы Әзімхан XIX ғасырдың аяғындағы патша кенесінің шенеунігі дәрежесінде ел мүдесінен аулақ, жеке басының қамы үшін ұлтының алдыңғы қатарлы адамдарына, қарсы әрекеттер жүргізуі ретінде сипаты сол дәуірдің әмір шындығына үйлеседі. Осылардың ішінде М. Әуезовтің «Тартыс» драмасы отызыншы жылдардағы қазақ оқығандарының қыын-қыстау тағдырларын тар кезеңде дәуір шындығына сәйкес көрсете алған курделі шығарма. Кенестік жүйе әртүрлі күрес жолымен билікке жетіп, 1935 жылдары мемлекеттік жүйеде өз саясатын орнықтырып алған дәуірде жазылған пьесаны Қазақстандағы саяси репрессияның келешегін болжап жазған драма деуге болады. М. Әуезов өзінің терең білім, аса зор таланты арқасында кенестік жүйенің жеңістерін жаза отырып та сол дәуірдің осал жақтарын, келенсіздіктерін, болжашағы бұлдырып тұманды әмірін ашы шындықтармен көрсетіп бере алды.